

Банкті құруға, қайта құруға, банктік операциялар және басқа банктік қызметтер жүргізуге лицензиялар беру, қайтарып алу, олардың күшін жою және тоқтату, банктердің филиалдарын ашу, оларды біріктіру және өкілдіктерін ашу ережелері жөнінде

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 1996 жылғы 29 ақпандағы N 50 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1998 жылғы 21 ақпанда N 430 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 12 шілдедегі N 197 (V043034) қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы банктер мен банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы N 2444 Заң күші бар Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығын іске асыру шаралары туралы" қаулысын орындау мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қаулы етеді:

1. Айтылған ескертпелер мен ұсыныстарды ескере отырып, банкті құруға, қайта құруға, банктік операциялар және басқа банктік қызметтер жүргізуге лицензиялар беру, қайтарып алу, олардың күшін жою және тоқтату, банктердің филиалдарын ашу, оларды біріктіру және өкілдіктерін ашу ережелері бекітілсін және олар 1996 жылдың 1 наурызынан бастап күшіне енгізілсін.

2. Осы Ережелердің енгізілуімен байланысты 1996 жылғы 1 наурыздан бастап мыналар күшін жойды деп танылсын:

а) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы бекіткен (1993 жылғы 22 қазандағы N 23 хаттама) банктерді ашу, жүргізілетін операцияларды лицензиялау, олардың құрылтайшы құжаттарына және Қазақстан Республикасындағы банктердің қызметі тоқтату тәртібіне өзгертулер енгізу ережелері өзгертулері және ұсыныстарымен;

б) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы бекіткен (1995 жылғы 28 наурыздағы N 7 хаттама) құндылықтарды инкассациялау және тасымалдау қызметін ұйымдастыруға банктерге лицензия беру тәртібі туралы е р е ж е ;

в) банктерді мәжбүрлеп тарату үшін бақылау-қадағалау және құжаттарды дайындау жұмысын дұрыс ұйымдастыру жөнінде 1994 жылғы 16 желтоқсандағы N 2107 - 27 ю р ұ с ы н ы с ы ;

г) коммерциялық банктерге 1991 жылғы 20 желтоқсанның бастап шетел валютасымен операциялар жасау құқығына лицензия беру тәртібі туралы

у а қ ы т ш а

е р е ж е л е р .

3. Банктік қадағалау департаменті (Б.Қ.Жауғаштина) осы шешімді Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің облыстық (Алматы аумақтық бас) басқармаларына жіберіп, екінші деңгейдегі банктерге жіберуді міндеттесін.

4. Осы Қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Г.А.Марченкоға жүктелсін.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Ұ л т т ы қ

Б а н к і

Б а с қ а р м а с ы н ы ң

1 9 9 6

ж ы л ғ ы

2 9

а қ п а н д а ғ ы

N

5 0

Қ а у л ы с ы

б е к і т к е н

Тіркеу N 327

Банктерді құруға, қайта құруға рұқсатты, банк операцияларын және басқа банк қызметін жүргізуге лицензияны тапсырудың, қайтарып алудың, олардың күшін жоюдың және тоқтатудың, банктің филиалдарын ашуға, қосуға және өкілдіктерін ашуға келісім берудің, оны қайтарып алудың (1996 жылғы қыркүйектің 19-дағы N 215 және 1997 жылғы сәуірдің 30-дағы N 172 өзгертулері мен толықтырулары ескерілген) ережелері

Осы Ереже қолданылып жүрген банк заңдарына және мемлекеттік тіркеу, лицензиялау және заңды тұлғалардың қызметі мәселелерін реттейтін заң актілеріне сәйкес әзірленген, екінші деңгейдегі банктерді құру (ашу), лицензиялау және қайта ұйымдастыру, сондай-ақ банк өкілдерінің филиалдарын есептік тіркеуден өткізу тәртібін анықтайды.

I. Жалпы ережелер

1. Банктерді құруға, қызметіне, қайта құрылуына және банк заңдарында көзделген өзге де операцияларды (бұдан әрі - банктік операциялар) лицензиялауға байланысты қатынастарды Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі (жалпы бөлімі) және банк заңдарына қайшы келмейтін бөлігіндегі басқа заң актілері реттейді.

Ескерту: 1-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1997.12.05. N 413 қаулысымен .

2. Екінші деңгейдегі банктерді (бұдан әрі - банктер) заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеуді, Қазақстан Республикасының құқықтылық күші жүретін, Қазақстан Республикасында ашылатын банктердің филиалдары мен өкілдіктерін есепке алу үшін тіркеуді Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің соларды ашуға арналған рұқсатымен тиісті құжаттарды ұсынуының негізінде Қазақстан

Республикасының Әділет министрлігі жүргізеді.

Ескерту: 2-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1997.12.05. N 413 қаулысымен , 2003 жылғы 17 маусымдағы N 193 қаулысымен .

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі - Ұлттық Банк) Қазақстан Республикасының тізілімін, соның ішінде өкілетті банктердің банктерді ашуға берілген рұқсаттарының банк операцияларын және басқа да банк қызметін жүзеге асыруға берілген лицензияларды жүргізеді, банктің филиалдарын ашуға, біріктіруге және өкілдіктерін ашуға берілген келісімдердің есебін жүргізеді. Банктердің есеп айырысу касса бөлімдерінің арнайы есепке алуды (тіркеуді) жүргізеді.

Ескерту: 3-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1997.12.05. N 413 қаулысымен .

4. Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Ұлттық Банк міндетті түрде лицензиялауға тиісті қызмет түрлерін жүзеге асыруға арналған лицензия үлгілерін Ұлттық Банк белгілейді.

5. Жарғылық капиталына қойылатын талаптарды, соның ішінде оның ең аз мөлшерін Ұлттық Банк белгілейді.

Ескерту: 5-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1997.12.05. N 413 қаулысымен , 2003 жылғы 17 маусымдағы N 193 қаулысымен .

6 . < * >

Ескерту: 6-тармақ өзгертілді, алынып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1997.12.05. N 413 қаулысымен , 2003 жылғы 17 маусымдағы N 193 қаулысымен .

7. Занды және жеке тұлғаларға банк қызметіне аудиторлық тексеру жүргізу құқығына лицензия берудің негіздері мен шарттарын, банкілік операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың, оның ішінде шет ел валютасын сатып алу, сату және айырбастау жөніндегі операцияларды жасайтын ұйымдарды лицензиялау тәртібін Ұлттық Банктің жекелеген нормативтік актілері белгілейді.

Ескерту: 7-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1997.12.05. N 413 қаулысымен .

8. Ұлттық Банк банк операцияларын жүргізу лицензиясын Қазақстан теңгесіне де, шет ел валютасына да береді.

II. Банкті ашу (құру)

9. Банк құрылтай шарттың негізінде құрылады және өзінің жарғысымен Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жұмыс істейді.

10. Банктің атауы оның ұйымдастырушылық-құқықтық үлгісінде жасалған сілтемемен қоса алғанда, Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің (жалпы бөлімінің) 38-бабының талаптарына сәйкес келуге тиіс.

Ескерту: 10-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1997.12.05.

N 413

қаулысымен .
1 1 . < * >

Ескерту: 11-тармақ өзгертілді, алынып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1997.12.05. N 413 қаулысымен , *2003 жылғы 17 маусымдағы N 193*

қаулысымен .
1 2 . < * >

Ескерту: 12-тармақ өзгертілді, алынып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1997.12.05. N 413 қаулысымен , *2003 жылғы 17 маусымдағы N 193*

қаулысымен .

13. Банктердің құрылтайшылары оны ашуға рұқсат алу үшін Ұлттық Банкке өткізетін тізбесі;

а) 1-қосымшадағы үлгі бойынша банк ашуға рұқсаттың тапсырылуы туралы қазақ немесе орыс тіліндегі өтініш;

б) банкті құру туралы Құрылтайшы шарттың нотариус куәландырған үш данасы;

в) Құрылтайшы шарт бекіткен және Қазақстан Республикасы заңдарында көзделген мәліметтері бар банк Жарғысының нотариус куәландырған төрт данасы;

г) банктің Құрылтайшы жиналысының құрылтайшы құжаттарын қабылдау, банктің Бақылаушы кеңесін, ревизиялық комиссиясын, басқармасын сайлау (тағайындау) туралы хаттама;

д) құрылтайшылар туралы мәліметтер;
заңды тұлғалы құрылтайшылар үшін:

- 2-қосымшаға сай анкеталық мәліметтер;

- заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелгені туралы куәліктің нотариус куәландырған көшірмесі;

- нотариус куәландырған құрылтайшы құжаттар (жарғы, құрылтайшы шарт);

- бухгалтерлік баланстар, алдыңғы екі жұмыс жылындағы құрылтайшылардың қаржылық қорытындылары және таза табысты пайдаланғаны туралы есептері;

- баланстардың және қаржылық есептің дұрыстығын растайтын аудиторлық ұйымның (аудитордың) қорытындысы;

жеке тұлғалы құрылтайшылар үшін:

- 3-қосымшаға сай анкеталық мәліметтер, салық инспекциясының табыс мөлшері туралы анықтамасы.

е) "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы"» Қазақстан Республикасы Заңының 19-бабының 4-тармағына сәйкес аудиторлық ұйым (аудитор) туралы ақпаратты хабар;

ж) жаңадан құрылатын банктің мына төмендегілерді көздейтін толық ұйымдық құрылымы :

- ішкі аудит қызметінің банктің Директорлар кеңесіне тікелей бағынуы;
- Ревизиялық комиссияның банктің акционерлерінің жалпы жиналысына бағынуы ;

- банктің кредиттік комитетінің банктің Бақылаушы Кеңесіне) бағынуы;
з) банктің Директорлар кеңесінің мүшелері туралы мәліметтер (4-қосымшаға сәйкес анкеталық үлгі) .

и) банктің басшы қызметкерлері қызметіне үміткерлерді Ұлттық Банкпен келісу үшін 5-қосымшаға сәйкес анкеталық мәліметтер тапсыру қажет.

к) Жаңа құрылатын банктің ішкі аудит қызметі туралы Ереже;

л) Жаңа құрылатын банктің кредиттік комитеті туралы Ереже;

м) 6-қосымша бойынша Ұлттық Банктің ақыл-кеңестеріне сәйкес құрылатын банктің бизнес-жоспары .

н) Тапсырылған бизнес-жоспар бойынша банкті құру жөніндегі құрылтайшылардың дайындық іс-шараларының жоспар-кестесі.

о) Өтініш берушілердің құрылтайшылар атынан өтініш беруге өкілеттігін растайтын нотариус куәландырған құжат.

п) Тапсырылған бизнес-жоспар бойынша құрылтайшылардың дайындық іс-шаралар туралы есеп .

р) операциялар жүргізудің жалпы шарттары туралы ережелер.

Ескерту: 13-тармақ өзгертілді, толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1997.12.05. N 413 қаулысымен , 2003 жылғы 17 маусымдағы N 193 қаулысымен .

1 4 . < * >

Ескерту: 14-тармақ алынып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 17 маусымдағы N 193 қаулысымен .

15. Ұлттық Банк сұратқан соңғы қосымша ақпаратты немесе құжатты өтініш беруші тапсырған күннен бастап 3 ай ішінде Ұлттық Банк қарауға тиіс, бірақ өтініш қабылданған күннен бастап 6 айдан асып кетпеу керек.

Банкті ашуға рұқсат беру туралы шешімді Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі қабылдайды .

Банкті ашуға берілген рұқсаттың Ұлттық Банк банктік операциялар жүргізуге банкке лицензия беру туралы шешім қабылдағанға дейін заң күші болады.

Банктік операциялар жүргізуге лицензия алғанға дейінгі кезеңде банк ретінде тіркелген заңды тұлға жарияланған жарғылық капиталға төлем жасау үшін уәкілетті банкте уақытша ағымдағы корреспонденттік шот ашуға құқылы. Банк ретінде тіркелген заңды тұлға ұйымдық-техникалық шараларды орындауды қамтамасыз етуге байланысты, оның ішінде үй-жайлар мен жабдықты әзірлеуге

тиісті мамандығы бар қызметкерлерді жалдауға байланысты шығындарды
ж ұ м с а у ғ а қ ұ қ ы л ы .

Ескерту: 15-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1997.12.05 . N 413 қаулысымен , 2003 жылғы 17 маусымдағы N 193 қаулысымен .

15-1. Ұлттық Банк берілген рұқсатты Ұлттық Банктің банк ашуға берілген, қайтарып алынған рұқсаттарды есепке алу жөніндегі тізіліміне тіркейді.

Ескерту: 15-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 17 маусымдағы N 193 қаулысымен .

16. Банктердің және олардың филиалдарының басшылық қызметтеріне тағайындалуға жататын үміткерлерді келісу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

Ескерту: 16-тармақ өзгертілді, жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1997.12.05. N 413 қаулысымен , 2003 жылғы 17 маусымдағы N 193 қаулысымен .

III. Резидент-банктің еншілес банк құру ерекшеліктері

17. Еншілес банк - екінші деңгейдегі банк, оның жарғылық капиталының 50 проценттен астамына төркін банк ие.

Еншілес банктер дербес заңды тұлға болып табылады.

Ескерту: 17-тармақ өзгертілді, толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1997.12.05. N 413 қаулысымен .

18. Резидент-банк соңғы екі жыл ішінде шығынсыз жұмыс істеген және Ұлттық Банк соңғы алты ай ішінде белгілеген пруденциалдық нормативтерді және басқа да нормалар мен лимиттерді сақтаған жағдайда еншілес банкті құруға қ ұ қ ы л ы .

19. Қазақстан Республикасының резидент-банкі құратын еншілес банктің құрылтайшылары Ұлттық Банкке осы ереженің 13-тармағында көрсетілген құжаттар мен мәліметтерді тапсыруға тиіс.

IV. Шет елдің қатысуымен банк құрудың және резидент емес банктің еншілес банк құруының ерекшеліктері

20. Шет ел қатысатын банк - акцияларының үштен бірінен астамы банк заңдары белгілеген тізбеде тұрған адамдардың иелігінде, меншігінде және/немесе басқаруында болатын екінші деңгейдегі банк.

Ескерту: 20-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1997.12.05 . N 413 қаулысымен .

21. Қазақстан Республикасы аумағында шет елдің қатысуымен банктердің қызметін құрғанда және жүзеге асырғанда банк заңдарының талаптары сақталуға т и і с .

22. Шет елдің қатысуымен банк құрғанда осы Ереженің 13-тармағында көрсетілген мәліметтерден басқа мына төмендегі талаптар сақталуға тиіс:

- банк Басқармасының Төрағасы және банктің бас бухгалтері Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілін немесе мемлекеттік тілмен қатар мемлекеттік ұйымдар мен жергілікті басқару органдарында ресми қолданылатын орыс тілін білуге және Қазақстан Республикасы аумағындағы банкте жұмыс істеу тәжірибесі кем дегенде бір жыл болуға тиіс;

- банктің Бақылаушы кеңесінің кем дегенде бір мүшесі Қазақстан Республикасының азаматы болуға және Қазақстан Республикасы аумағында жұмыс істейтін банкте кем дегенде үш жылдық басшылық жұмыс тәжірибесін, Қазақстан Республикасының банк шаруашылық заңдарын білетінін куәландыратын құжаттар тапсыруға тиіс.

- банктердің шет елдің қатысуымен тіркелген жиынтық жарғылық капиталы Ұлттық Банк рұқсат еткен жағдайларда болмаса, Қазақстан Республикасының барлық банктерінің жиынтық тіркелген жарғылық капиталының жиырма бес процентінен аспауы тиіс.

Банк шет елдің қатысуымен ішкі активтерге қаражатты Ұлттық Банк белгілеген сомада және тәртіппен орналастыруға міндетті.

Ескерту: 22-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1997.12.05

. N 413 қаулысымен .

23. Қазақстан Республикасының резидент емес банкі құратын еншілес банктің құрылтайшылары осы Ереженің 13-тармағында көрсетілген құжаттар мен мәліметтерден басқа қосымша мыналарды тапсыруға міндетті:

- тиісті мемлекеттің Банктерді қадағалау органының, құрылтайшы банктің банк қызметін жүргізуге арналған, күшіне енгізілген лицензиясы бар екендігінің және бірлескен негізде қадағалануға тиісті екендігінің жазбаша расталуы;

- тиісті мемлекеттің мемлекеттік немесе қадағалау органының банк құрылтайшысының Қазақстан Республикасы резидент-банкінің жарғылық капиталына қатысуына рұқсат бергені туралы жазбаша хабарлама немесе тиісті мемлекеттің банктерді қадағалау органының мемлекеттің заңдары бойынша құрылтайшы банктің ондай рұқсаты талап етілмейтіндігі туралы өтініші.

Ескерту: 23-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1997.12.05 . N 413 қаулысымен .

V. Құрылтайшы құжаттарға өзгертулер мен толықтырулардың енгізілуі.

Банктерді қайта ұйымдастырудың ерекшеліктері

24. Банктің оның ішінде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде қайта тіркелуге тиісті құрылтайшы құжаттарына енгізілетін өзгертулер мен

толықтырулар алдын-ала міндетті түрде Ұлттық Банкпен келісілуге тиіс.

Ескерту: 24-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1997.12.05

. N 413 қаулысымен .

25. Банктің құрылтайшы құжаттарына өзгертулер мен толықтырулар енгізуге келісім беру туралы мәселені Ұлттық Банк барлық талап етілген құжаттарды өтініш беруші тапсырған күннен бастап бір айдың ішінде қарауға тиіс.

26. Банктерді қайта ұйымдастыру банк заңдары белгілеген ерекшеліктер ескеріле отырып жүргізіледі.

Банктерді мәжбүрлеп қайта құру қолданылып жүрген заңға сәйкес соттың шешімімен "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы"» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып жүргізіледі.

Ескерту: 26-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1997.12.05

. N 413 қаулысымен , 2003 жылғы 17 маусымдағы N 193 қаулысымен .

27. Банктерді ерікті қайта ұйымдастыру (біріктіру, қосып алу, ажырату, бөлу, қайта құру) Ұлттық Банктің рұқсатымен акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша жүзеге асырылады.

Ескерту: 27-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1997.12.05

. N 413 қаулысымен .

28. Осы банктің акционерлерінің жалпы жиналысының шешімінің бар екендігі банкті ерікті қайта ұйымдастыруға рұқсат алуға арналған өтініш беруге негіз болып табылады.

Ескерту: 28-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1997.12.05

. N 413 қаулысымен .

29. Ұлттық Банктің банкті қайта құруға рұқсатын алу өтініштеріне төмендегі құжаттар қоса тіркелуге тиіс:

а) банктің жоғары органының оны қайта құру жөніндегі шешімі;

б) банкті ерікті қайта ұйымдастыруды талап ететін шарттарды, үлгілерді, тәртібі мен мерзімдерін сипаттайтын құжаттар;

банктің қайта ұйымдастырылуынан кейінгі оның және/немесе банкті қайта ұйымдастыру нәтижесінде пайда болған заңды тұлғалардың есептік балансын қоса алғанда, ерікті қайта ұйымдастырудың зардаптарының қаржылық болжамы.

Ескерту: 29-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1997.12.05

. N 413 қаулысымен .

30. Банкті ерікті қайта ұйымдастыруға рұқсат алу жөніндегі өтінішті және басқа қажетті құжаттарды Ұлттық Банк оларды қабылдаған күннен бастап екі айдың ішінде қарауға тиіс.

Ескерту: 30-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1997.12.05

31. Банкті ерікті қайта ұйымдастыруға рұқсатты тапсыру туралы шешімді Ұлттық Банктің Директорлар кеңесі (Директорат) қабылдайды.

Ескерту: 31-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1997.12.05

32. Қайта ұйымдастырылатын банк Ұлттық Банктің қайта ұйымдастыруға рұқсатын алған күннен бастап екі аптаның ішінде алда тұрған өзгерістер туралы өзінің барлық депозиторларын, клиенттерін, корреспонденттерін және займшыларын тікелей хабарландыру және кем дегенде екі республикалық газетте тиісті хабарландырулар жариялау арқылы құлақтандыруға тиіс.

33. Қайта құрылудың нәтижесінде пайда болған заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу немесе қайта тіркеу қолданылып жүрген заңға сәйкес жүргізіледі.

Ескерту: 33-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1997.12.05

34. Төмендегі негіздердің кез-келгеніне сүйене отырып, Ұлттық Банк банкті ерікті қайта ұйымдастыруға рұқсат бермейді:

а) ерікті қайта ұйымдастырылатын банктердің жоғары органдарының тиісті шешімдерінің болмауы;

б) талап етіліп отырған ерікті қайта ұйымдастырудың нәтижесінде депозиторлардың мүддесіне нұқсан келтіру;

в) талап етіліп отырған ерікті қайта ұйымдастырудың нәтижесінде пруденциалдық нормативтерді және сақталуға міндетті нормалар мен лимиттерді бұзу;

г) талап етіліп отырған ерікті қайта ұйымдастырудың нәтижесінде монополияға қарсы заңдардың бұзылуы.

Ескерту: 22-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1997.12.05

. N 413 қаулысымен.

VI. Банктің филиалдарын ашудың және біріктірудің тәртібі

35. Банктің филиалы - заңды тұлға болып табылмайтын, банк тұрған жерден тыс орналасқан, банктің атынан банктік операцияларды жүзеге асыратын және өзіне банк берген өкілеттіктер шегінде іс-қимыл жасайтын банктің бөлімшесі.

Банктің филиалының балансы, сондай-ақ банкінің атауымен толық сәйкес келетін атауы бар.

36. Банк өзінің филиалын ашуға, біріктіруге және оларды әділет органдарында есепке тіркеуге Ұлттық Банктің келісімін алуға міндетті.

37. Банк шығынсыз жұмыс істеген, қаржылық жағдайы тұрақты болған жағдайда, өтініш бергенге дейінгі алты ай ішінде пруденциалды нормативтерді

және өзге де сақталуға міндетті нормалар мен лимиттерді сақтаған және өзінің жарғылық капиталын төлеген жағдайда Ұлттық Банкке өтініш беруге құқылы.

Ескерту: 37-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1997.12.05

N 413

қ а у л ы с ы м е н

38. Банктің филиалын ашуға (біріктіруге) келісім беру мәселесін Ұлттық Банк құжаттардың толық бумасын тапсырған күннен бастап үш ай мерзімнің ішінде қ а р а у ғ а т и і с .

39. Банктің филиалын ашуға келісім беру туралы өтінішке мынадай құжаттар қ о с а т і р к е л у г е т и і с :

а) өтініш беруші банктің (Жарғыға сәйкес) өкілетті органының банк филиалын ашу туралы шешімі;

б) банк филиалы туралы нотариус куәландырған Ереженің үш данасы, онда филиал сенім хат негізінде жасайтын банк операциялары тізбесін жасауға өкілеттігі көрсетіледі;

в) банктің тиісті органының филиалдың бірінші басшысын және бас бухгалтерін тағайындау туралы шешімі;

г) осы Ереженің 5-қосымшасы бойынша бірінші басшысы мен бас бухгалтердің қызметіне үміткерлер туралы мәліметтер;

д) осы Ереженің 5-қосымшасына сай филиал басшысы мен бас бухгалтердің орынбасарлары туралы мәліметтер.

40. Банктің жұмыс істеп жатқан филиалдарын біріктіруге келісім беру туралы өтінішке төмендегі құжаттар қоса тіркелуге тиіс:

а) банктің (Жарғыға сәйкес) жоғарғы органының оның жұмыс істеп жатқан филиалдарын біріктіру туралы шешімі;

б) банк филиалдарын біріктірудің талап етілген шарттарын, үлгілерін, тәртібі мен мерзімдерін сипаттайтын құжаттар.

41. Төмендегі негіздердің кез-келгеніне сүйене отырып, банк филиалдарын ашуға (біріктіруге) келісім берілмейді.

а) банк филиалы бірінші басшының және бас бухгалтерінің қызметіне үміткерлердің "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 19-бабының 3-тармағында және 20-бабының 3-5-тармақтарында белгіленген ең аз талаптарына сәйкес келмеуі;

б) банк филиалының қолда бар үй-жайлары мен жабдықтарының Ұлттық Банк белгілеген техникалық талаптарына сәйкес келмеуі;

в) Ұлттық Банк белгілеген пруденциалдық нормативтер мен басқа да нормалар мен лимиттерді банктің сақтамауы;

г) қолданылып жүрген заңдарды және Ұлттық Банктің құқықтық актілерін б ұ з у .

Ескерту: 41-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1997.12.05

. N 413 қаулысымен , 2003 жылғы 17 маусымдағы N 193 қаулысымен .

42. Банк филиалын ашуға (біріктіруге) келісім беру туралы шешімді Ұлттық Банктің Директорлар кеңесі (Директорат) қабылдайды.

VII. Банк өкілдігінің құрылуы

43. Банктің өкілдігі - заңды тұлға болып табылмайтын, банк тұрған жерден тыс орналасқан, банктің атынан және банктің тапсырмасы бойынша іс-қимыл жасайтын және банк операцияларын жүзеге асырмайтын банктің бөлімшесі.

44. Банк өзінің өкілдігін ашуға Ұлттық Банктің келісімін алуға және оны әділет органдарына есептік тіркеуге міндетті.

45. Банктің өкілдігін ашуға келісім беру туралы мәселені Ұлттық Банк құжаттардың толық бумасын алған күннен бастап үш ай мерзімнің ішінде қ а р а у ғ а т и і с .

46. Қазақстан Республикасының резидент-банкінің өкілдігін Қазақстан Республикасы аумағында және одан тыс жерлерде ашуға келісім беру туралы өтінішке төмендегі құжаттар қоса тіркелуге тиіс:

- а) өкілдік туралы Ереженің нотариус куәландырған үш данасы;
- б) 5-қосымша бойынша өкілдіктің басшылығы туралы мәліметтер;
- в) өкілдіктің талап етілетін қызметкерлерінің саны туралы мәліметтер.

47. Қазақстан Республикасы резидент емес банкінің өкілдігін ашуға келісім беру туралы өтінішке 46-тармақта көзделген құжаттардан басқа нотариус куәландырған мынадай құжаттар қоса тіркелуге тиіс:

а) өтініш беруші банктің құрылтайшы құжаттары (құрылтайшы шарт және/н е м е с е Ж а р ғ ы) ;

б) өтініш беруші банктің тиісті органының Қазақстан Республикасы аумағында өкілдік ашу туралы шешімі;

в) тиісті мемлекеттің банктерді қадағалау органының өтініш беруші банктің банк қызметін жүргізуге тиісті лицензиясы бар екендігі туралы жазбаша растау;

г) өтініш беруші банктің Қазақстан Республикасы аумағында өзінің өкілдігін ашуға қарсылығы жоқ екендігі туралы жазбаша хабарламасы немесе тиісті мемлекеттің банктерді қадағалау органының немесе беделі заң қызметінің мемлекеттің заңдары бойынша өтініш беруші банктің ондай шешімді талап етпейтіндігі туралы тиісті мемлекеттің банктерді қадағалау органының м ә л і м д е м е с і ;

д) өкілдіктің басшысына арналған сенім хат;

е) өтініш беруші банктің тиісті түрде ресімделген есебі және соңғы қаржылық (операциялық) жыл ішіндегі табыстар мен шығындар туралы "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 19-бабындағы 4-тармақтың талаптарына сәйкес келетін аудиторлық фирма, ұйым (аудитор) куәландырған есебі.

Ескерту: 47-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1997.12.05 . N 413 қаулысымен , 2003 жылғы 17 маусымдағы N 193 қаулысымен .

48. Банктің өкілдігін ашуға келісім беру туралы шешімді Ұлттық Банктің Директорлар кеңесі (Директорат) қабылдайды.

VIII. Банктің филиалдары мен өкілдіктерін жабу тәртібі, Ұлттық Банкте банктің есеп айырысу-касса бөлімдерін арнайы тіркеу

Ескерту: VIII-бөлім жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1997.12.05. N 413 қаулысымен .

49. Банктердің филиалдары мен өкілдіктері қолданылып жүрген заңда белгіленген тәртіппен жабылады.

Банктің филиалын жапқан кезде есептік тіркеуге енгізілетін өзгерістер Ұлттық Банкпен алдын-ала келісілгеннен кейін әділет органдарына беріледі.

50. Банктер Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртіппен Ұлттық Банктің келісімімен өзінің есеп айырысу-кассалық бөлімдерін ашуға құқылы. Банктің есеп айырысу-кассалық бөлімі банктің құрылымдық бөлімшесі, ол банк тұрған жерден басқа жерде болады, заңды тұлға болып табылмайды, банк филиалының мәртебесі жоқ және банктің атынан банк операцияларының жекелеген түрлерін Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес банк берген сенім хат негізінде жүзеге асырады.

51. Ұлттық Банк банктердің есеп айырысу-кассалық бөлімдерін арнайы тіркеуден өткізеді. Банктердің есеп айырысу-кассалық бөлімдері әділет органдарында есептік тіркеуден өткізілмейді.

Банктердің есеп айырысу-кассалық бөлімдерін арнайы тіркеу құжаттары Ұлттық Банкке Банктің қадағалау департаментіне беріледі.

52. Банк өзінің филиалдарының, өкілдіктерінің және есеп айырысу-кассалық бөлімдерінің міндеттемелері бойынша жауап береді.

IX. Банкті құруға рұқсатты бергізбеу, банктің филиалы мен өкілдігін ашуға келісім бермеу

53. Төмендегі негіздер бойынша Ұлттық Банк банкті ашуға рұқсат бергізбеуге қ ұ қ ы л ы :

- а) құрылтайшы құжаттар қолданылып жүрген заңдарға сәйкес келмейді;
- б) банктің атауы қойылған талаптарға сәйкес келмейді;
- в) жарғылық капиталдың ең аз мөлшерінің қойылған талаптарға сәйкес к е л м е у і ;
- г) талап етіліп отырған құрылтайшылардың кез-келгенінің қаржылық жағдайының төмендегі фактілердің кез-келгенімен расталған тұрақсыздығы:
 - банктің акцияларын төлеуге арналған меншік қаражаттарының жоқ болуы;
 - сот арқылы банкрот болып танылуы;

- құрылтайшыны сот банкрот деп таныған-танымағанына қарамастан міндеттемелерден асып кететін активтерінің болуы;

- қарыздардың сомасы бойынша талап етілген міндеттемелердің құрылып отырған банктің тұрақтылығы үшін едәуір тәуекелге душар етуі;

- егер құрылтайшының біреуі бұған дейінгі үш жыл бойы доғару режимінде болған банк болса;

д) құрылтайшылар (акционерлер) жөнінде банк заңдарында белгіленген шектеулердің сақталмауы;

е) басшылық қызметке үміткерлердің заң және Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілері белгілеген талаптарға сәйкес келмеуі;

ж) шет ел қатысатын банктің құрылтайшы құжаттарының "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 22-бабындағы 1-тармақтың және осы Ереженің талаптарына сәйкес келмеуі;

з) банктің үй-жайлары мен жабдықтарының Ұлттық Банктің нормативтік талаптарына сәйкес келмеуі;

и) өтініш беруші тапсырған құрылатын банктің бизнес-жоспары және басқа құжаттар банктің:

- осы Ереженің 10-қосымшасында көрсетілгеніндей, өз қызметінің алғашқы қаржылық (операциялық) жылдары өткеннен кейін тиімді болатындығын;

- банктің оның іс-қимыл жоспарына сәйкес ұйымдық құрылымға ие екендігін;

- оның іс-қимыл жоспарына сәйкес есептік және бақылау құрамына ие екендігін растамайды.

Ескерту: 53-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1997.12.05 . N 413 қаулысымен , 2003 жылғы 17 маусымдағы N 193 қаулысымен .

54. Құрылатын банк басқармасының құрылымы банктің тұрақты қызметіне сай келмейді деп танылады, егер:

- әрбір талап етілетін қызмет түрі бойынша ішкі бақылауды жүзеге асыратын адамдар бақылау міндеттеріне қажетті біліктілікке және тәжірибеге ие болмаса;

- банктің басшы қызметкері "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабында көзделген талаптарға сәйкес келмесе;

- Ұлттық Банкке қасақана жалған немесе адастыратын ақпарат тапсырса.

Ескерту: 54-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1997.12.05 . N 413 қаулысымен , 2003 жылғы 17 маусымдағы N 193 қаулысымен .

55. Ұлттық Банк филиалдарды ашуға, біріктіруге және өкілдіктерді ашуға төмендегі негіздер бойынша келісім бермеуге құқылы:

а) банктің қанағаттанғысыз қаржылық жағдайы;

б) тапсырылған құжаттардың қойылған талаптарға сәйкес келмеуі немесе
т о л ы қ е м е с т і г і .

56. Ұлттық Банк өтініш берушіге өзінің шешімі туралы келісім бермеудің нақты себептерін көрсете отырып, жазбаша хабарлайды.

Х. Лицензиялаудың жалпы шарттары. Банк құрылған кезде оған лицензия берудің негіздері

57. Ұлттық Банк банк операцияларын жүргізу лицензияларын осы Ережеде, банк қызметін лицензиялайтын мәселелерді реттеуші басқа нормативті құқықтық актілерде және қолданылып жүрген заңдарда белгіленген тәртіппен беріледі.

Ескерту: 57-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1997.12.05

*. N 413 қаулысымен .
5 8 . < * >*

Ескерту: 58-тармақ алынып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 17 маусымдағы N 193 қаулысымен .

59. Банк операцияларын жүргізуге лицензия алу үшін олардың мемлекеттік тіркелуінен кейін банктер бір жыл бойы банктің ұйымдық-техникалық іс-шараларын өткізуді, үй-жайлары мен жабдықтарды дайындауды тиісті біліктілігі бар қызметкерлермен толықтыруды қоса алғанда, барлық қажетті талаптарды орындауға, жарияланған жарғылық капиталды төлеуге міндетті.

Осы Ереже банкке шет ел валютасымен және тазаланған қымбат бағалы металдармен операциялар жүргізуге банкке лицензия тапсырудың қосымша негіздерін белгілейді.

Ескерту: 59-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1997.12.05

. N 413 қаулысымен .

60. Инкассация қызметін, банкноттарды, металл ақшаларды және құндылықтарды жіберуді ұйымдастыру лицензиясын банкке техникалық және осы Ережеге тіркелген, инкассация қызметін, банкноттарды, металл ақшаларды және құндылықтарды жіберуді ұйымдастыруға лицензия тапсыруға арналған Техникалық талаптарда белгіленген басқа да талаптарды орындаған жағдайда тапсырылады (N 7 - қосымша).

Банктердің және банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың корреспонденттік шоттарын ашуға және жүргізуге берілетін лицензия банкке мынадай талаптар орындалған жағдайда беріледі:

а) осы Ереженің 59, 70 және 72-тармақтарында көзделген талаптарды б а н к і н і ң о р ы н д а у ы ;

б) корреспонденттік шоттарды есептеудің және жүргізудің әдістерінің негізгі принциптеріне, стандарттарға және Қазақстан Республикасындағы төлем жүйесінің нормативтеріне сәйкес келсе.

Ескерту: 60-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1997.12.05

61. Банк операцияларын жүргізуге лицензия тапсыру туралы өтінішті Ұлттық Банк осы Ережеге сәйкес талап етілетін барлық мәліметтер тапсырылған күннен бастап бір ай мерзім ішінде қарауға тиіс.

62. Банк операцияларын жүргізу лицензиясы шексіз уақытқа беріледі және үшінші адамға беруге болмайды.

Банк өзінің лицензиясында көрсетілген операцияларды ғана жүргізуге құқылы. Банктің банк операцияларын жүргізуге тиісті лицензиясы жоқ болғанда жасаған мәмілелері заңсыз деп есептеледі.

62-1. Лицензияны қайта ресімдеу "Лицензиялау туралы"» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген негіздер бойынша жүргізіледі.

Лицензияны қайта ресімдеу үшін банк Ұлттық Банкке мынадай құжаттар ұсынады:

- 1) лицензияны қайта ресімдеу туралы өтініш;
- 2) лицензияны қайта ресімдеу үшін лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжат;
- 3) банк атауының немесе тұрған орнының өзгергенін растайтын құжат.

Банк тиісті жазбаша өтініш берген күннен бастап он күн ішінде Ұлттық Банк лицензияны ресімдейді.

Ескерту: 62-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 17 маусымдағы N 193 қаулысымен.

63. Банк филиалы өзіне банк рұқсат берген банк операцияларын банктің сенім хаты негізінде жүргізуге құқылы, сенім хат көшірмесі бір мезгілде Ұлттық Банкке тапсырылады.

Филиалға банк рұқсат берген банк операцияларының тізбесіндегі өзгертулер туралы банк Ұлттық Банкке осындай шешім қабылдағандығы туралы бір апта мерзім ішінде хабарлауға міндетті.

64. Банк операцияларын теңгемен, сондай-ақ теңгемен және шет ел валютасымен жүргізуге арналған лицензия үлгілерін Ұлттық Банк белгілейді (N 8-9-қосымшалар). Лицензияда Ұлттық Банк банкке рұқсат берген банкілік операциялардың барлық түрі (бүкіл тізбесі) көрсетіледі.

65. Банк операцияларын жүргізуге лицензия бергені үшін алым төленеді, оны төлеудің мөлшері мен тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

65-1. Ұлттық Банк берілген, қолданылуы тоқтатылған, қайтарып алынған және қайта ресімделген лицензиялардың тізілімін жүргізеді.

Ескерту: 65-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 17 маусымдағы N 193 қаулысымен.

66. Ұлттық Банктің банкке банк операцияларын жүргізуге лицензия бергені туралы шешімді Ұлттық Банктің ресми басылымдарында.

Ескерту: 66-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1997.12.05

N 413

қаулысымен

67. Ашылатын банктің банк операцияларының белгіленген аясын өткізуге дайындық дәрежесін анықтау үшін Ұлттық Банк комиссия құрады.

Комиссия кассалық тораптың дайындығын, банк үй-жайларының техникалық жарақтанғандығын, клиенттерге қызмет көрсету үшін, сондай-ақ кадр құрамының Ұлттық Банкте қолданылып жүрген нормативті құқықтық актілерге сәйкес жарақтанғандығы мен кәсіпқой дайындығын тексереді.

Осымен бірге мезгілде банктің жарғылық капиталын қалыптастырудың, сондай-ақ ұйымдастыру кезеңінде жарғылық қордан алынғандығының дұрыстығы туралы мәселені зерттейді.

Ескерту: 67-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1997.12.05.

N 413

қаулысымен

68. Комиссия тексерісінің қорытындысы бойынша банктің банк операцияларын жүзеге асыруға дайындығы туралы Акт жасалады, онда осы банк орындауға құқылы банкілік операциялардың түрлері көрсетіледі. Актіге Комиссияның барлық мүшелері және банкінің басшылығы қол қояды.

Аталған Актінің негізінде Комиссия банк операцияларын жүргізу лицензиясының қайсысын банкіге тапсыру мүмкіндігі туралы (еркін үлгіде) қорытынды жасайды.

ХІ. Банкке банкілік операциялардың қосымша түрлерін жүргізуге лицензия беру тәртібі

69. Жұмыс істеп жатқан банкке банк операцияларының қосымша түрлерін лицензия тапсыру үшін Ұлттық Банк банкінің оларды өткізуге дайындығын осы Ереженің 10-тарауында белгіленген тәртіпке тексереді.

70. Банк операцияларының қосымша түрлерін өткізудің лицензиясы, тазаланған қымбат бағалы металдар мен операцияны айтпағанда, банкке 59-тармақта көзделген негіздерден басқа, төмендегі шарттар орындалған жағдайда тапсырылады:

а) тұрақты қаржылық жағдай және банк операцияларын жүргізу лицензиясы тапсырылғандығы туралы өтініш берілгенге дейінгі үш айдың ішінде пруденциалдық нормативтерді және өзге де сақталуға міндетті нормалар мен лимиттерді сақтау;

б) банктің осы операцияларды жүргізу құқын жолдайтын филиалдары жөнінде мәліметтер тапсыру;

- филиалдың орналасқан орны және тіркелу нөмірі туралы;

- филиалдардың банк операцияларының жоспарланған көлемін орындауға дайындығы туралы.

Тазаланған қымбат бағалы металдармен банк операцияларын жүргізу

лицензиясы банкке 59-тармақта көзделген негіздерден басқа төмендегі шарттар орындалған жағдайда тапсырылады:

- а) тұрақты қаржылық жағдай;
- б) тазаланған қымбат бағалы металдармен банк операцияларын жүргізу лицензиясын тапсыру туралы өтініш берілген күнгі ағымдағы өтімділіктің коэффициентін сақтау.

Ескерту: 70-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1997.12.05

N 413

қаулысымен

71. Банкке банк операцияларының қосымша рұқсат етілген түрлері енгізілген лицензияны берген кезде бұрынғы лицензия Ұлттық Банкке қайтарылуға тиіс.

XII. Банкке шет ел валютасымен банк операцияларын және тазаланған қымбат бағалы металдармен операция жүргізу лицензиясы тапсырудың қосымша шарттары

72. Банкке шет ел валютасымен банк операцияларын және тазаланған қымбат бағалы металдармен операциялар жүргізу лицензиясын берудің шарттары осы Ереженің 59, 69 және 70-тармақтарында көзделген тармақтардан басқа мыналар:

- а) алынып тасталды;
- б) Ұлттық Банктің қаржылық қадағалауды жүзеге асыратын бөлімшенің тиісті ұйымдастыру құрылымының болуын қоса алғанда, банктің шет ел валютасымен операцияларды және тазаланған қымбат бағалы металдармен операцияларды орындауға дайындығы туралы қорытындысы.

Ескерту: 72-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1997.12.05 . N 413 қаулысымен , 2003 жылғы 17 маусымдағы N 193 қаулысымен .

XIII. Банк операцияларын жүргізу лицензиясын тапсырудан бас тарту

73. Банк операцияларын жүргізу лицензиясын тапсырудан мынадай жағдайларда бас тартады:

- а) Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 26-бабындағы 2-тармақта және осы Ережеде белгіленген талаптарының кез-келгенін сақтамау;

б) егер банк мемлекеттік тіркелуден өткен күннен бастап бір жыл ішінде банк операцияларын жүргізу лицензиясын алуға өтініш бермеген жағдайда.

Ескерту: 73-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 17 маусымдағы N 193 қаулысымен .

74. Банк операцияларын жүргізу лицензиясын беруден бас тартқан кезде өтініш берушіге жазбаша түрде бас тартудың себептерін көрсете отырып дәлелді жауап береді.

Ескерту: 75-тармақ алынып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 17 маусымдағы N 193 қаулысымен .

XIV. Банктерге ұлттық банк тапсырған лицензияларды тоқтатудың және олардың күшін жоюдың тәртібі. Банкті ашуға берілген рұқсатты және банктің филиалдары мен өкілдіктерін құруға берген келісімді қайтарып алу

76. Ұлттық Банктің берілген лицензияларды тоқтатуының немесе күшін жоюының шарттары мен негіздері, оның банкті еріксіз тарату (қайта құру) туралы материалдарды сотқа жолдау тәртібі Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 48, 48-1 және 68-баптарында көзделген.

Ескерту: 76-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1997.12.05 . N 413 қаулысымен , 2003 жылғы 17 маусымдағы N 193 қаулысымен .

77. Банк операцияларын жүргізу лицензияларын тоқтату немесе күшін жою туралы шешімді Ұлттық Банктің Басқармасы қабылдайды.

78. Банк операцияларын жүргізу лицензияларын тоқтату туралы шешімді осындай шешімнің себептері және осы лицензияны тоқтату мерзімі көрсетілуі т и і с .

79. Банк операцияларын жүргізу лицензияларын тоқтату нақты банк операцияларын жүзеге асыруға тыйым салу деп түсінеміз, бұл операциялар жөнінде Ұлттық Банктің тиісті шешімі бар.

80. Банк операцияларының біреуін өткізу лицензиясын тоқтату туралы шешімнің көшірмесі алынған күннен бастап екі апта мерзімнің ішінде банк Ұлттық Банкке осы шешімді орындауды қамтамасыз ететіндігі туралы жазбаша міндеттеме тапсыруға міндетті.

81. Тоқтатуға себеп болған жағдаяттарды жойған кезде банк операцияларын жүргізу лицензиясы Ұлттық Банк Басқармасы шешімінің негізінде қайта қалпына к е л т і р і л е д і .

82. Ұлттық Банк банкті ашуға берілген рұқсатты мынадай жағдайларда қ а й т а р ы п а л у ғ а қ ұ қ ы л ы :

а) банк өз қызметін қайта ұйымдастыру немесе тарату жолымен ерікті түрде тоқтату туралы шешім қабылдаса;

б) банктің қызметін тоқтату туралы сот шешім қабылдаса;

в) банк ретінде тіркелген заңды тұлғаның қызметінде Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 49-бабының 2-тармағында көзделген тәртіп бұзушылықтар белгіленсе.

Заңды тұлғаға берілген банкті ашуға рұқсат туралы пікірді Ұлттық Банк мынадай негіздемелердің кез-келгені бойынша қайтарып алады:

а) заңды тұлғаны банк ретінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап бір жыл ішінде рұқсат беруге негіз болған мәліметтердің дұрыс еместігі байқалса;

б) заңды тұлғаны банк ретінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап бір жыл ішінде банк операцияларын жүргізуге берілген лицензия толық алынбаса;

в) заңды тұлғаны банк ретінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап бір жыл ішінде жарияланған жарғылық капитал өтелмесе;

г) банк ретінде тіркелген заңды тұлға үшін банк заңдарында көзделген қызметтің шарттары бұзылса.

Ескерту: 82-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1997.12.05. N 413 қаулысымен, 2003 жылғы 17 маусымдағы N 193 қаулысымен.

83. Банкті ашуға берілген рұқсатты Ұлттық Банктің Басқармасы қабылдайды.

Ұлттық Банк Басқармасының банкті ашуға берілген рұқсатты қайтарып алу туралы Қаулысы заңды тұлғаның қызметін қайта тіркеуге немесе тоқтатуға негіз болып табылады.

Ескерту: 83-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1997.12.05. N 413 қаулысымен.

84. Ұлттық Банктің банктің лицензияларының күшін жою шешімі Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 48-1-бабында көзделген тәртіппен банктер Банктік қадағалау департаментінің ұсынуы негізінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банк Басқармасының Қаулысы түрінде қабылданады.

Банк лицензияларының қайтарып алу туралы Ұлттық Банк қабылдаған шешім туралы ақпаратты Ұлттық Банк екі республикалық газетте жариялайды.

Ескерту: 84-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1997.12.05. N 413 қаулысымен, 2003 жылғы 17 маусымдағы N 193 қаулысымен.

85. Банк заңдарында көзделген банк және өзге операцияларды жүргізуге берілген барлық лицензиялардың қайтарып алу туралы Ұлттық Банк Басқармасының Қаулысында банктің уақытша әкімшілігін (уақытша әкімді) тағайындау туралы шешім болуға тиісті.

Уақытша әкімшілікті (уақытша әкімді) тағайындау тәртібі мен өкілеттігі Ұлттық Банктің жекелеген нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді.

Ескерту: 85-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1997.12.05. N 413 қаулысымен, 2003 жылғы 17 маусымдағы N 193 қаулысымен.

86. Ұлттық Банк банктік операцияларды жүргізуге берілген барлық лицензиялардың қайтарып алғаннан кейін 10 күн ішінде сотқа заңда белгіленген тәртіппен банктің қызметін еріксіз тоқтату (қайтарып алу) туралы арыз береді.

Ескерту: 86-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1997.12.05. N 413 қаулысымен , 2003 жылғы 17 маусымдағы N 193 қаулысымен .

87. Ұлттық Банк банктің филиалын (өкілдігін) ашуға келісімді мынадай жағдайда қайтарып алады :

а) филиалды жабу туралы банктің өкілетті органының тиісті шешімі негізінде , бұл шешім екі апта мерзім ішінде Ұлттық Банктің назарына жеткізілуге тиіс;

б) Ұлттық Банк белгілеген пруденциалдық нормативтерді және сақталуға міндетті басқа да нормалар мен лимиттерді банк сақтамаған жағдайда, сондай-ақ банк шығынмен қызмет еткен жағдайда;

в) филиалдың өзіне берілген өкілеттіктер шегінен тыс басқа қызметті және операцияларды орындағаны үшін.

XV. Банкті ашуға, ерікті қайта ұйымдастыруға берілген рұқсатты, банктердің филиалдары мен өкілдіктерін ашуға берілген лицензиялар мен келісімдерді тіркеу және ресімдеу

Ескерту: Бөлім атауы өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1997.12.05. N 413 қаулысымен .

88. Осы Ереже тиісті рұқсаттарды (келісімдерді) алу үшін көзделген қажетті құжаттар бумасы Ұлттық Банктің қаржылық қадағалауды жүзеге асыратын бөлімшеге тапсырылады .

Түзетілген немесе қосып жазылғандары бар құрылтайшы құжаттар, сызылған сөздер және басқа келісілмеген түзетулер қарауға қабылданбайды.

Тапсырылған құжаттардың қолданылып жүрген заңдар сәйкестігі туралы мәселені Ұлттық Банктің тиісті құрылымдық бөлімшелерімен келісе отырып, Банктерді қадағалау департаменті қарайды.

Ескерту: 88-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 17 маусымдағы N 193 қаулысымен .

89. Ұлттық Банктің Басқармасы банктерді ашуға және оларды қайта шақырып алуға берілген рұқсат туралы, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүргізудің лицензияларын тапсыру туралы, олардың күшін тоқтату және жою туралы, банктердің қызметін доғару туралы мәселелерді қаржылық қадағалауды жүзеге асыратын бөлімшенің ұсынысы негізінде қарайды.

Ұлттық Банктің Басқармасы банк операцияларын және басқа банк қызметін лицензиялауға және жүзеге асыруға байланысты мәселелерді қарауға құқылы.

Ескерту: 89-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 17 маусымдағы N 193 қаулысымен .

90. Банкті ашуға рұқсат Басқарманың шешімі негізінде тапсырылады және Ұлттық Банк Төрағасы орынбасарының қолымен ресімделеді. Құрылтайшы құжаттардың (Жарғының және құрылтайшы шарттың) барлық даналарының титулдық беті былайша куәландырылады: "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісілген. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банк Төрағасының орынбасары". Банктің жарғысы мен құрылтайшы шартына Ұлттық Банк Төрағасының орынбасары қол қояды және Ұлттық Банктің мөрімен бекітіледі.

91. Банктің жарғысы мен құрылтайшы шартының Ұлттық Банкпен келісілген бір данасы банктің құқықтық іс қағаздарына тіркеледі, ал олардың қалған даналары әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден (қайта тіркеуден) өту үшін өтініш берушіге қайтарылады.

92. Әділет органдарында банк мемлекеттік тіркеуден (қайта тіркеуден) кейінгі екі апта мерзім ішінде Ұлттық Банктің Банктерді қадағалау департаментіне Жарғысының және Құрылтайшы шартының бір данасын оларды тіркеген органның белгісімен және мөрімен банктің мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы банктің нотариус куәландырған көшірмесімен бірге (филиалды немесе өкілдікті есептік тіркеудің мәліметтерімен бірге) тапсыруға міндетті.

93. Банкті ашуға рұқсаттың, банк операцияларын (банк қызметін) жүргізу лицензияларының көшірмелері, сондай-ақ банктен ауыстыруға немесе күшін жоюға байланысты алынған лицензиялар банктің құқықтық іс қағаздарына тігіледі.

XVI. Қорытынды ережелер

94. Ұлттық Банктің банкті ашуға рұқсатты, банкілік және басқа операцияларды жүргізуге лицензияларын тапсырудан бас тарту туралы, банкті ашуға рұқсатты қайтарып алу, лицензияларды тоқтату және күшін жою туралы және басқа мәселелер жөніндегі Ұлттық Банктің шешіміне банктер Қазақстан Республикасының соттарында заң белгілеген тәртіппен шағым жасай алады.

95. Осы Ережеде реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарының нормаларына сәйкес шешіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ұлттық Банк Төрағасы

1 - қ о с ы м ш а

" " _____ 199__ ж.

Қазақстан Республикасы

N _____

Ұлттық Банкінің Төрағасы

_____мырзаға

Б а н к

а ш у ғ а

ӨТІНІШ

(өтініш берушінің атауы)

199__жылғы " " _____ N _____ құрылтайшы жиналысының шешіміне сәйкес _____

(ашылатын банктің атауы)

_____ (оның тұрған орны көрсетілсін)

банкін ашуға рұқсат беруіңізді сұрайды.

Жоғарыда көрсетілген банкі ашу жөніндегі міндеттер жүктелген уәкілеттік берілген адам _____

(фамилиясы, аты-жөні)

_____ (жұмыс орны, лауазымы, байланыс телефоны және мекен-жайы)
Құрылтайшылар өтінішке қоса берілетін құжаттар мен ақпараттардың дұрыстығына, сондай-ақ өтінішті қарауға байланысты сұратылатын қосымша ақпараттар мен құжаттардың Ұлттық Банкке уақытылы берілуіне т о л ы қ ж а у а п б е р е д і .

Қосымшалар (жіберілетін құжаттардың атаулы тізбесі, әр құжат данасының саны және беті көрсетілуі тиіс):

Құрылатын банк Кеңесінің

немесе басқарма Төрағасының

қолы

2-қосымша

Ескерту: 2-қосымша өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1997.12.05. N 413 қаулысымен .

Құрылтайшы туралы мәліметтер

(з а ң д ы т ұ л ғ а)

_____ (б а н к т і ң а т а у ы)

199__ " " _____

1. Құрылтайшы _____ (з а ң д ы а т а у ы)

2. Бас офистің мекен-жайы _____

_____ (почтаның индексі, қаласы, көшесі, байланыс телефоны)

3. Мемлекеттік тіркеу

(құжаттың түрі, номері, берілген күні, кім берген)

4. Қызметінің сипаты _____

(негізгі қызметінің түрі көрсетілсін)

5. Қазақстан Республикасының резиденті ме, резиденті емес пе

(*тиісті сөздің асты сызылсын*)

6. Резидент емес құрылтайшының Қазақстан Республикасының резидент банкінің Жарғылық капиталында қатысуға рұқсаты

(құжаттың түрі, номері және күні көрсетіліп, көшірмесі, қоса берілсін)

7. Құрылтайшы-кәсіпорынның басшысы _____

(Фамилиясы, аты-жөні, туған күні, жылы)

8. Білімі _____

(оқу орны, бітірген жылы, мамандығы көрсетілсін)

9. Еңбек ету жолы туралы қысқаша сипаттама _____

(жұмыс орны, лауазымы, жұмыс істеген уақыты)

10. Заңды тұлғаның құрылтайшылық жарнасы:

Жарна сомасы		Қосымша мәліметтер
Жарияланған	нақты төленген	

11. Соңғы үш жылғы кезең ішінде кәсіпорында (құрылтайшыда) ірі қаржы қиындықтары, оның ішінде банкроттық, жұмысын доғару, санация болды ма _____

- Олардың пайда болу себептері _____

- Бұл мәселелерді шешу нәтижелері _____

12. Акционер (барлық акциялардың он немесе одан да көп проценттерін тікелей немесе жанама түрде иеленуші немесе бақылаушы) ретінде қатысы бар ұйымды көрсетіңіз:

- ұйымның аты немесе тұрған орны _____

- қызметінің түрі (қызметтің түрін атаңыз) _____

- осы ұйымның Жарғылық капиталындағы меншік үлесі _____

3-қосымша

Құрылтайшы туралы мәліметтер

(ж е к е т ұ л ғ а)

(б а н к т і ң а т а у ы)

199__ " " _____

1. Құрылтайшы _____
(фамилиясы, аты-жөні)

2. Туған күні, жылы _____

3. Туған жері _____

4. Азаматтығы _____

5. Жеке басын куәландыратын құжаттағы мәліметтер _____

6. Тұрған жері _____

7. Жұмыс істейтін жері, қызметі _____

8. Білімі _____

(оқу орны, бітірген жылы, мамандығы көрсетілсін)

9. Еңбек ету жолы туралы қысқаша сипаттама _____

(жұмыс орны, лауазымы, жұмыс істеген уақыты)

10. Салық инспекциясы берген декларацияда көрсетілген табысының мөлшері туралы анықтама.

11. Құрылтайшылық жарнасы:

Жарна сомасы

Қосымша мәліметтер

Жарияланған	нақты төленген	

4-қосымша

Ескерту: 4-қосымша өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1997.12.05. N 413 қаулысымен , 2003 жылғы 17 маусымдағы N 193 қаулысымен .

(фотосуреті)

**Директорлар кеңесінің мүшелері туралы
м ә л і м е т т е р**

(б а н к т і ң а т а у ы)
199__ " __

1. Фамилиясы, аты-жөні _____

2. Кеңесте атқаратын міндеті _____

3. Туған күні, жылы _____

4. Туған жері _____

5. Азаматтығы _____

6. Жеке басын куәландыратын құжаттағы мәліметтер _____

7. Негізгі қызмет орны _____

8. Офисінің тұрған жері, байланыс телефоны _____

9. Білімі (біліктілікті арттыру курсы қосқанда) _____

(оқу орны, бітірген жылы, мамандығы көрсетілсін)

10. Еңбек ету жолы туралы қысқаша сипаттама _____

(жұмыс орны, қызметі, жұмыс істеген уақыты)

11. Акционер (барлық акциялардың он немесе одан да көп проценттерін тікелей немесе жанама түрде иеленуші немесе бақылаушы) ретінде қатысы бар ұйымды көрсетіңіз:

Ұйымның аты немесе тұрған орны _____

Қызметінің түрі (қызметтің түрін атаңыз) _____

Осы ұйымның Жарғылық капиталындағы меншік үлесі _____

12. Белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар ма _____

13. Банкроттыққа ұшыраған, жұмысы тоқтатылған, санацияға

кезеңінде оларды өзгеру себебін негізін түсіндіре отырып қоса көрсетіңіз

Фамилия

Қолданылу кезеңі

Пайдалану кезеңі
(өзгертулер)

Білімі және жұмыс тәжірибесі

1. Білімі жөнінде мәліметтер (біліктілігін жоғарылату курсына қоса)

Оқу орнының атауы	Бітірген жылы	Мамандығы	Диплом. сертификат	Оқу орнының тұрған жері

Ескерту . Дипломдар мен сертификаттардың нотариус куәландырған көшірмесін қоса беру қажет.

2. Қызметтік және ғылыми қызметі жөнінде қосымша мәліметтер

3. Шет ел тілдерінен білімі

(кандидат қай тілді меңгерген)

4. Еңбек қызметі басталғанда орындаған жұмысы
(жеке парақпен қоса беріледі)

5. Осыдан бұрынғы лауазымына келуі/ұйымының аты, жұмысының сипаты, осы қызметке тағайындалған күні

6. Кем дегенге үш ұсынушы адамның Ф.А.Ж., олардың жұмыс орны, қызметі, байланыс телефоны (жұмысы, үйі) мекен-жайы

Ескерту : ұсынысты осы анкетаның 2-қосымшасында көрсетілген сұрақтардың тізбесімен қоса беру керек.

7. Кандидаттың мынадай білімдері бар ма: (иә - жоқ)
- Қазақстан Республикасының банк заңдарын _____
 - Қазақстан Республикасының банктік қадағалау талаптарын _____
 - Қазақстан Республикасындағы банктік есеп беруді және бухгалтерлік есеп жүргізуді _____
 - Қазақстан Республикасының валюталық реттеуін _____
 - Қазақстан Республикасының салық жөніндегі саясатын _____
 - Қазақстан Республикасының ақша айналысын ұйымдастыруын _____
 - банктік есеп жүргізуді компьютерлеуді және автоматтандыруды _____
 - банктегі касса операцияларын ұйымдастыруды және жүргізуді _____
 - кредит жұмысын ұйымдастыруды _____
 - халықаралық операцияларды немесе шет ел валюталарымен операцияларды _____
8. Сіздің біліктілігіңізді анықтауда өзіңіз маңызды деп есептейтін кез келген басқа да ақпаратты беріңіз
-
-
-

9. Кандидат ұсынған басқару органының банкпен қаржылық қарым-қатынасы бар ма

Кандидатқа қосымша мәліметтер

1. Соңғы тұрған жері.

Соңғы бес жылда тұрған жерлеріңізді ретімен көрсетіңіз. Тұрған уақытыңызды көрсетіңіз.

Қала _____

Облыс _____

Көше _____

Үйдің N _____

Почтаның индексі _____ " _____ (жылы, айы)

2. Ірі акционер ретінде қандай финанс ұйымдарымен байланыста болдыңыз немесе болып жүрсіз (иегер немесе бақылаушы, тікелей немесе жанама, барлық акцияның 5 % немесе одан көп)

Ұйымның атауы және тұрған жері _____

Қызмет түрі _____

Осы ұйымның жарғылық капиталындағы меншік үлесіңіз

3. Кредитордың аты-жөнін және адресін, займның берілген күнін және алғашқы сомасын, займды өтеудің көрсетілген мерзімін, ағымдағы міндеттеменің сомасын көрсетіңіз.

Кредитордың атауы және адресі

Займды өтеу мерзімі _____

Ағымдағы борыш қорытындысы _____

4. Жауапкер немесе шағым иесі ретінде қандай да бір сот талқысына түсіп көрдіңіз бе. (иә, жоқ) егер жоқ десеңіз мына таблицада толық мағлұмат беріңіз:

Сот тәркінің атауы және сипаты	атауы және адресі	Болған күні	Сот қарауының қорытындысындағы шығарылған шешім	шағым сомасы
--------------------------------	-------------------	-------------	---	--------------

5. Кандидаттың кәсіпорынға, банкке басшылық еткен уақытында оларды банкротқа, санацияға, доғаруға, мәжбүрлеп таратуға әкелердей қаржылық ірі проблемалар болды ма.

Олардың туындаған себептері

Осы проблемалар шешімінің нәтижесі

Анкетада көрсетілген мәліметтерге растау

Осы құпия өмірбаяндық және қаржылық есепте көрсетілген ақпараттарды растаймын, менің тарапымнан нақты және толық мұқият

тексерілді, егер бұрмалаушылық немесе мен ұсынған материалда қалып қойғаны болса ұсынылған қызметке бекітпеуге негіз болатынын және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес маған санкция қолдануға болатынын түсінемін.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкін менің жеке өмірбаянымда және қаржылық жағдайымда болған барлық өзгерістерден хабардар етуге міндеттенемін.

(қолы)

(қол қойған күні)

(фамилиясы баспа әріптермен)

Қызметке кандидаттыққа ұсыныс

(банктің атауы)

Ұсыныс берушінің аты-жөні

Ұйымның атауы және тұратын жері

Байланыс телефоны (жұмыстағы, үйдегі)

Н а з а р ы ң ы з ғ а .

Ұлттық Банк сіздің осы кандидатқа көзқарасыңызды, оның беделін, іскерлігін, кәсіби деңгейін, қай жерде және қашан бірге жұмыс істедіңіз, басқа да бізге керекті деген мәліметті көрсетуіңізді сұрайды.

Е с к е р т у :

Банк жетекшілігінің қызметіне ұсыныс беруші онымен туыстық қатысы болмауы керек немесе осы ұсынысқа ешқандай қатысы болмауы керек.

Ұсыныс берушінің қолы _____ күні _____

№ 6-қосымша

Ескерту: 6-қосымша өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1997.12.05 . N 413 қаулысымен .

Жаңа құрылатын банктің бизнес-жоспарын жасауға ұсыныс

1. Бизнес-жоспар банктің алдына қойған жақын арадағы сияқты перспективалық ағымдағы қызметінің жақсы және әлсіз жақтарына баға беру, рынокқа талдау жасау және клиенттер туралы ақпараттар беру, туындайтын қызмет түрлерін, бәсекелестік жағдайында мақсатқа жеткізер қажетті ресурстарды бағалау, бас офис және оның болашақ филиалдары үшін іріктеліп алынған орынның қолайлылығы мен жарамдылығын көрсетуші ақпараттарды бағалау мақсаттары мен міндеттерін қамтиды.

2. Жоспардың қаржылық перспективалары есеп айырысу балансын, (N 1 үлгі) , жоспарланатын бюджет (N 2 үлгі) және үш жыл бойы рентабельді қызмет жасай алатын болашақ банктің қабілетін көрсететін басқа ақпараттарды қамтиды. Мұндай перспективалар толық болжамдарға және осындай болжамдарға қолдау болатын мәліметтерге негізделуі керек. Жоспардың бұл бөлігіне банктің жоспарланған операциялар мен түрлерін жүргізе алатын алғашқы капитал деңгейі кіргізілуі тиіс.

3. Маркетингтің жоспарын рыноктағы банктің экономикалық жағдайын және бәсекелестігін сипаттайтын, қазіргі және жоспарланып отырған және бәсекелестік жағдайларын ескере отырып, сол рыноктарға келешекте қызмет көрсететін банк жоспарын географиялық және өндірістік рыноктар белгілейді.

4. Еңбек ресурстарына тарту жоспарына қызметкерлердің көзделуі саны, олардың кәсіби тәжірибелері және біліктілігі, банк ұсынатын қызметтің күрделілігі мен көлемін, келешектегі түрлерін назарға ала отырып, еңбекке ақы төлеудің деңгейі кіргізілуі керек.

5. Бизнес-жоспар тәуекелдің әр үлгісі критерийлеріне сәйкес келуі тиіс:

а) Кредит тәуекелі бойынша (заемшы негізгі борышын немесе кредит үшін сыйақыға (мүддеге) борышын дер уақытында өтемеу тәуекелі):

банк әдеттегі кредиттік қатынастармен қатар банктің борыштық міндеттемелерді сатып алу кезінде қолданатын алдын ала талдауын ашып к ө р с е т у ;

банктің кредит комитеті құрылымын, комитетке кіргізуге жататын адамдардың тізімін (қызметтері бойынша аты-жөндерімен) кредит комитетінің болашақтағы мәжілістерінің мерзімділігін кіргізу;

кредитті санкциялау кезінде ұсынатын стандарттарды, сондай-ақ несие портфелін кредиттік проблемаларды анықтау мақсатында жүргізілетін тұрақты қадағалауда қолданатын тәртіпті және кредиттер бойынша шығындарды жабу үшін резервтер құруын сипаттау.

б) Тиімділік Тәуекелі бойынша (банктің өз депозиторлары мен кредиторлары алдындағы өзінің төлем міндеттемелері бойынша мерзімінде және жұмсалған ең төменгі шығындармен жауап беруге қабілетсіздік тәуекелі):

- активтердің жалпы сомасына шығарылған акциялардың, ірі міндеттемелердің, негізгі депозиттер мен тиімділік активтерінің жалпы сомасынан күтілетін арақатынасын
к ө р с е т у ;

- борыш міндеттемелері портфелінің жоспарланған құрылымы бойынша сияқты, төлем мерзімдері бойынша да нәтижелерге жету үшін кестені қосқандағы жан-жақты жасалған жоспардан

т ұ р а д ы ;

в) Процент ставкаларының Тәуекелі бойынша (рыноктық проценттер деңгейінің өзгерістерінен туындайтын сыйақыға (мүддеге) және акциялардың рыноктық құнынан таза кірістің төмендеу тәуекелі);

- өзгеруі мүмкін проценттік ставкалар бойынша активтер мен міндеттемелер жөніндегі күтілетін төлемдердің ұзақтығы мен мерзімдерінің сәйкестігі жөнінде банктің несиелік және инвестициялық портфельдерін сипаттау;
- болашақта проценттік ставкалардың өзгеруіне байланысты банктің болжамын нақты анықтау және қолдау;
- кредит комитетінің болжамдық құрылымы, оған қоса аты-жөні немесе комитет мүшелерінің лауазымдары мен мәжілістердің өткізілу мерзімдері бірге жіберіледі.

г) Операциялық Тәуекел бойынша (банктің шұғыл қызметтерінен күтілетін алғашқы деңгейден едәуір артуы мүмкін тәуекел):

- болашақта жасалатын жұмыстардың көлемін және көрсетілетін қызметтерді көрсету, банктің теңгемен және шетел валютасымен жасалатын операциялардың орташа және ең жоғары көлемі, банктің осы сала шегінде белгіленгендерден асатын шығындарды
жа б у ж ө н і н д е г і ж о с п а р ы .

д) Капитал Тәуекелі бойынша (Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілеріне оның активіне капиталының арақатынасы жөнінде сәйкес болатын капиталы жеткілікті мөлшерін банктің қолдауға мүмкіндігінің болмау тәуекелі).

е) Валюталық Тәуекел бойынша (егер банк шетел валютасымен операциялар жүргізгісі келсе) :

- валюта бағамдарының өзгерулеріне байланысты тәуекелді шектеу жөнінде тапсырысшының жоспарын ескеру;
- банктің пайдасы мен капиталына осындай өзгерістердің әсерін анықтайтын, сондай өзгерістерге бақылайтын тәртіп кіреді;

- банктің күнделікті валюталық позициясы бойынша шегін белгілеу
(шетелдік валютаның әр түрі мен жиынтығы бойынша).

6-қосымшаға 1-нысан

*ЕСКЕРТУ. 6-қосымша 1-нысан өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының
1997.12.05. N 413 қаулысымен .*

БАЛАНС

(м ы н т е н г е)

N	Статьялардың атауы	01.01.199__ж.	01.01.199__ж.
		А к т и в	
1 .	К а с с а		
2.	Корреспонденттік шот		
3.	Материалдық емес активтер		
4.	Бағалы қағаздарға салым		
5.	Банк берген кредиттер:		
	- басқа банктерге		
	- заңды тұлғаларға (банктен		
	басқаларға)		
	- жеке тұлғаларға		
6.	негізгі құрал-жабдықтар		
7.	Берілген кредиттер бойынша мерзімі		
	өткен кредиттер		
8.	Банктің шығыстары		
9.	Банктің залалдары		
10.	Басқа да активтер		
		Б а л а н с :	

	П а с с и в
Ө з к а п и т а л ы :	
1.	Жарғылық капитал
2.	Резерв қоры
3.	Басқа да қорлар
4.	Есеп беру жылындағы табысы
5.	Өткен жылдың табысы
6.	Провизиялар
7.	Негізгі құрал-жабдықтарды қайта бағалау қоры
М і н д е т т е м е л е р :	
8.	Заңды тұлғалардың есеп айырысу (ағымдағы) шоттары
9.	Халықтың салымдары:
10.	Алынған кредиттер - басқа банктерден - орталықтандырылған
11.	Банктің кірістері
12.	Басқа да пассивтер
Б а л а н с : 	

ЕСКЕРТУ. 6-қосымша 2-нысан өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1997.12.05. N 413 қаулысымен .

Акционерлік банк бойынша
кірістер мен шығыстар
Ж О С П А Р Ы

 (банктің атауы)

	199__	199__	199__
1. Проценттік табыс			
- жеке және заңды тұлғаларға кредиттер бойынша сыйақы (мүдде)			
- банкаралық кредит бойынша сыйақы (мүдде)			
- коршоттар бойынша алынған сыйақы (мүдде)			
- бағалы қағаздармен операциялардан алынған сыйақы (мүдде)			
- басқа да алынған сыйақы (мүдде) (қандай екенін көрсету керек)			
- таза проценттік кіріс (шығыс)			
- операциялық кірістер			
операциялық шығындар			
- басқарма аппаратына жұмсалған шығындар			
- әкімшілік шығындары			
- басқа шығындар			
Таза операциялық кіріс (шығыс)			
Шетел валютасымен операциялардан алынған таза кіріс (шығыс)			

Қызмет көрсету және комиссия бойынша таза кіріс (шығыс)			
Кредит қызметінен шығындарды жабу үшін резервтер			
Салық салуға дейінгі пайда			
С а л ы қ с а л у			
Т а з а т а б ы с			

7-қосымша

Ескерту. 7-қосымшаның ресми аудармасы болмағандықтан орысша мәтінді қараңыз.

8-қосымша

Ескерту. 8-қосымшаның атауы өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1997.12.05. N 413 қаулысымен .

ҚРҰБ ФИРМАЛЫҚ РӘМІЗІ

ҚРҰБ ФИРМАЛЫҚ РӘМІЗІ

**Теңгемен және шет ел валютасымен банктік
және өзге операциялар жүргізуге арналған лицензия**

Н ө м і р і

1 9 9 _ _ " _ _ _ _ _ _ _ _ _ _

Мемлекеттік тіркеу нөмірі _____

(қазақ тіліндегі толық атауы)

(орыс тіліндегі толық атауы)

(ағылшын тіліндегі толық атауы)

**ОСЫ ЛИЦЕНЗИЯ МЫНАДАЙ ОПЕРАЦИЯЛАР ЖҮРГІЗУГЕ ҚҰҚЫҚ
Б Е Р Е Д І :**

1. _____
2. _____
3. _____

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі валюталық бақылау агентінің міндетін

б а н к к е ж ү к т е й д і .

Осы лицензия шарттарынан туындайтын құқық үшінші адамға берілмейді.
Осы лицензия бір-ақ данада беріледі.

Төрағаның орынбасары

9-қосымша

*Ескерту. 9-қосымшаның атауы өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының
1997.12.05. N 413 қаулысымен .*

ҚРҰБ ФИРМАЛЫҚ РӘМІЗІ **ҚРҰБ ФИРМАЛЫҚ РӘМІЗІ**
Теңгемен банктік және өзге операциялар жүргізуге
арналған лицензия

Н ө м і р і _____
1 9 9 _ _ " " _____
Мемлекеттік тіркеу нөмірі _____

(*қазақ тіліндегі толық атауы*)

(*орыс тіліндегі толық атауы*)

(*ағылшын тіліндегі толық атауы*)

ОСЫ ЛИЦЕНЗИЯ МЫНАДАЙ ОПЕРАЦИЯЛАР ЖҮРГІЗУГЕ ҚҰҚЫҚ
Б Е Р Е Д І :

1. _____
2. _____
3. _____

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі валюталық бақылау агентінің міндетін
б а н к к е ж ү к т е й д і .

Осы лицензия шарттарынан туындайтын құқық үшінші адамға берілмейді.
Осы лицензия бір-ақ данада беріледі.

Төрағаның орынбасары